

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелері
Б. Тілеухан мен Ж. Әшімжановқа

2021 жылғы 31 наурыздағы
№ ДС-123 сауалына

Құрметті Бекболат Қанайұлы, Жанарбек Садықанұлы!

Сіздердің балаларды зиянды ақпараттан қорғау және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге қатысты сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

2021 жылғы 8 наурызда Алматы қаласында «Әйелдердің құқықтарын қорғау» мақсатында қалалық әкімдік тарапынан рұқсат берілген бейбіт шеру мен митинг өтті.

Алматы қаласы әкімдігінің ақпаратына сәйкес Ж. Қасымқанова мен Ө. Дүйсенованың 2021 жылғы 8 наурызда «Өртүрлі әйелдердің құқықтары» тақырыбындағы бейбіт жиналыс өткізу туралы хабарламасы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңға сәйкес қаралды және Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 12 ақпандағы № 1/102 қаулысымен бейбіт жиналысты өткізу келісілді.

Мүдделі мемлекеттік органдар бейбіт жиналысты ұйымдастырушыларға Заң талаптарын орындау және келісілген тақырыптан ауытқымау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аталған бейбіт жиналысты өткізу кезінде құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар тарапынан қажетті шаралар қабылданды.

ҚР Бас прокуратурасының және Ішкі істер министрлігінің ақпараты бойынша аталған акциялар барысында қоғамдық тәртіп бұзылған жоқ.

Қолданыстағы «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі ҚР Заңының 16-бабына сәйкес жыныстық қатынастардың түріне қарамастан, арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы кез келген ақпарат балалар үшін тыйым салынған ақпаратқа жатады.

Аталған Заңның 19-бабы бойынша балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңында және ҚР Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді дайындауға тартуға, оларды порнографиялық сипаттағы материалдарды дайындауға тартуға қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз таратуға тыйым салынған және бұндай әрекеттер үшін жауапкершілік белгіленген.

Осы жылдың басынан бастап ақпарат саласындағы уәкілетті орган «Байланыс туралы» заңда көзделген тәртіппен интернет-ресурстарда 193 - есірткі құралдарын насихаттау, 674 - порнографияны, қатыгездік пен суицидті насихаттау бойынша ақпаратты жою шараларын қабылдаған. Сот шешімдерімен 62 – есірткі құралдарын насихаттау және 1188 - порнографияны насихаттау бойынша ақпараттардың Қазақстан аумағындағы пайдаланушылар үшін қолжетімділігі шектелген.

Отбасылық саясатты қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрсетілген.

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 315 қаулысымен бекітілген тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда отбасы күні қарсаңында онлайн форматта «ОТАУ FEST» жас отбасылар фестивалі өтті, оған еліміздің барлық өңірлерінен отбасылар қатысты. Сондай-ақ, Парламент депутаттарының, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Отбасы және отбасылық құндылықтар мемлекеттің тұрақты дамуының негізі» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, отбасылық саясаттың негізгі бағыттары бойынша 5 бейнеролик, 12 инфографикалық материал шығарылып таратылды. «Қазақстан», «Хабар 24» телеарналарында отбасылық құндылықтар туралы бейнесюжеттер әзірленді.

Еліміздің барлық өңірінде оқушылар мен студенттер арасында отбасы мен некені дәріптеуге бағытталған ақпараттық науқан ұйымдастырылды, қатысушыларға табысты және әлеуметтік белсенді жас отбасылардың тәжірибесі таныстырылды.

Сонымен қатар, 2020 жылы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының Отбасы институтын зерделеу жөніндегі орталығы «Қазақстандық отбасылар - 2020» ұлттық баяндамасын әзірледі.

Талдау және әлеуметтік зерттеулер, сараптамалық пікірлер қорытындысы бойынша отбасы саласындағы өзекті проблемалар анықталды. Ұлттық баяндамада орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға нақты ұсынымдар берілді.

Сондай-ақ, әлеуметтік зерттеу нәтижелері негізінде «Қазақстандық көп балалы отбасылардың жағдайы мен дамуын зерттеу» бойынша талдамалық есеп, «Қазақстандық отбасыларды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шараларының тиімділігі», «Отбасылық-демографиялық саясат» және «Ерте неке» тақырыптарында талдамалы баяндамалар дайындалды.

Биыл аталған институт «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндаманы әзірлеуде.

Сонымен қатар, биылғы жылы мемлекеттік тапсырыс аясында жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша Республикалық жобалық кеңсе құру, кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша әдістемелік құрал әзірлеу, мамандандырылған отбасылық YouTube-арнасын ашу жоспарлануда.

Сондай-ақ, отбасылық құндылықтарды нығайту мәселелері бойынша білім беру ұйымдарында жастарға арналған оқыту тренингтер, жауапты әке, ата-ана болу тақырыптарына арналған ақпараттық-түсіндіру шаралары, оның ішінде әлеуметтік желілерде жұмыстар жүргізу, отбасы және неке мәселелері бойынша онлайн дәрістер, сабақтар өткізу жоспарланған.

Жалпы балаларды зиянды ақпараттардан қорғау және жастар санасына дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сіңіру мемлекеттік саясаттың басым бағыттары. Бұл бағыттарда жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов